



Критериалды бағалау - оқу жетістіктерін бағалау жүйесі

НУРГАЛИЕВА Д.А.

БАҒАЛАУ

- «assidere»
(Латын) «жақын отыру»

БАҒАЛАУ

- оқушыны емес, оқушымен бірге отырып оқу үшін (Грин, 1999)

БАҒАЛАУ

- Оқытудың нәтижелерін жүйелі түрде жиынтықтауға бағытталған қызметті көрсетуші термин

Бағалаудың түрлері

- **Диагностикалық, Сұқбат алу, Мониторинг**
- **Қалыптастырушы, Жиынтық**

Бағалаудың мақсаты

- Оқудағы қиындықтарды анықтау, Кері байланыс, Уәж
- Болжау және сұрыптау, Стандартты бақылау, Бағдарлама мазмұнын, оқыту стилін бақылау

Бағалаудың сипаты

- Қадағалау, Алынған мәліметтердің интерпретациясы, Келесі іс- әрекетке бағытталған қорытынды

ЖОСПАРЫ

1

- Оқушының жетістіктерін бағалаудың мақсаты

2

- Оқушының жетістігін бағалау принциптері

3

- Оқушының жетістігін бағалау түрлері: Оқыту үшін бағалау және оқуды бағалау (формативті және суммативті)

4

- Педагогикалық үрдісте критериалды бағалауды ұйымдастырудың технологиясы)
- Критериалды бағалаудың маңыздылығы. Критериалды бағалаудың дәстүрлі бағалау жүйесінен ерекшелігі

ОҚУ ҮШІН БАҒАЛАУ ЖӘНЕ ОҚУДЫ БАҒАЛАУ -- БІЛІМ БЕРУ ҚҰРАЛДАРЫ

ҚАЛЫПТАСТЫРУШЫ

Оқушының оқу үдерісінің қандай кезеңінде екенін анықтау үшін;

Оқушы өз білімін дамыту үшін не істеу керектігін түсіну үшін;

Оқушының мықты және әлсіз жақтарының сипаты мен себептерін анықтау үшін;

Оқушы мен мұғалімнің оқуда қолданатын мәліметтерді іздеуі және түсіндіруі үшін;

ЖИЫНТЫҚ

Оқушының қазіргі уақыттағы жетістіктер деңгейін анықтау үшін

Оқушының әрі қарай дамуы үшін мақсатқа негізделген кейінгі деңгейлерді анықтау үшін

Оқуды бағалау үшін дәстүрлі тәсіл

‘...assessment (that) has increasingly been used to sum up learning...’ (Black and Wiliam, 1999)

Бағалау қағазы

	1 балл	2 балл	3 балл
Парақта орналасуы	Парақтың 1/3 бөлігін алады ,бір шетінде	Парақтың жартысына орналасқан ,бос орынды толық пайдаланбаған	Сурет параққа толық орналасқан, дәл ортасында
Түстердің үйлесімі	1 түс қолданылған	2-3 түс қолданылған	3-тен артық түс қолданылған
Бөлшектер саны (аузы,мұрны,көзі, түймесі,қолында сыпырғы, басында шелегі болу керек.	1-2 бөлшек	3-4 бөлшек	5-тен астам бөлшек

Бағалау шкаласы

- ▶ «1» - 0-2 балл
- ▶ «2» - 3-4 балл
- ▶ «3» - 5-6 балл
- ▶ «4» - 7-8 балл
- ▶ «5» - 9 балл



**Білім сапасын бағалау жүйесін
жаңарту мәселесі**

**Бес балдық жүйенің қазіргі
заманға сай білім жүйесін
қанағаттандыра алмауы**

**Оқушы танымындағы
өзгерістер мен білім
саласындағы қалыптасқан
қайшылықтар**

**Әлеуметтік
сұраныстардың өзгеруі**

Қолданылатын 5 балдық (шындығында 4 балдық) шкалада және оның критериалдық негізінде тұлғалардың жеке қасиеттерін айқындауды есепке алудың мүмкүндігі жоқ.. «3» (қанағаттанарлық) бағасының пәндік нормасы және критерийлері анық емес, бұл мектеп тәжірбиесінде педагогтің ұстанымына байланысты «жоғарылату» және «төмендету» бағаларына алып келеді. Сонымен қатар, мектептерде қанағаттанарлықсыз бағаны тұлғаны басу, оқушылардың үрейін, мазасыз жағдайларын тудыру құралы ретінде қолдану кездеседі..

Бағалар оқушы білімінің нәтижесін салыстыру және сыныптағы орта деңгейде қолдана алатынын бағалау арқылы қойылады.

Бағалау олардың нақты жетістіктерінің сипатын көрсете алмайды.

Оқушылар мен ата-аналарға түсінікті **БІРЫҢҒАЙ БАҒАЛАУ КРИТЕРИЙЛЕРІ** анықталған:

Әр критерийлерге жету деңгейлері оқу бағдарламасының оқу мақсатына сәйкес әр тақырыбына және бөліміне анықталған және олар оқушыларға алдын – ала белгілі.

Бағалау оқу бағдарламасының нақты тақырыптарын меңгеру деңгейін көрсете алмайды.

Қолданыстағы журнал оқу бағдарламасындағы **НАҚТЫ ТАҚЫРЫПТАРДЫ МЕҢГЕРУ ДЕҢГЕЙЛЕРІН** және оқылатын тақырыптар мен дағдыларда оқушылардың біліміндегі кемшіліктерді көрсете алады.

Бағалау субъективті түрде өтеді.

Бағалау объективті түрде өтеді және **МҰҒАЛІМ** әр оқушыға нашар игерген тақырыптары бойынша **НАҚТЫ КӨМЕК** көрсете алады.

Анықтамасы



**Критериалды бағалау-
бұл білім берудің мақсаты мен
мазмұнына негізделген оқушының
оқу- танымдық құзырлығын
қалыптастыруда алдын-ала
белгіленген жетістіктермен
салыстыру үрдісі .**



*Критериалды бағалауды
енгізудің мақсаты:*

✓ **Мектепте оқыту сапасын көтеру**

**Оқушылардың алған білімін өмірде
қолдана білуге үйрету**



Критериалды бағалаудың басты ерекшелігі:

- **анық, айқындылығы;**
- **жеке тұлға емес, жұмыс бағаланады**
- **бағаның әділдігі;**
- **өзін бағалауға мүмкіндіктің берілуі**
- **кері байланыс жүзеге асады**
- **алдын-ала ұсынылған бағалау шкаласы;**



Ұстанымдар негіздері:

1. Бағамен оқушының жұмысы бағаланады.
2. Дескрипторлар оқушыға алдын-ала белгілі болуы шарт.
3. Оқушы өз білім деңгейін анықтай алуы қажет.
4. Нақты білімділік мақсатты бағалауы қажет.



Критериалды оқытудың маңыздылығы:

Мұғалім үшін:

- Әрбір оқушының өзгешелігін ескере отыра жеке білім алу траекториясын құру.

Оқушы үшін:

- Берілген бағалау критерийлерін түсіну, қолдану, жұмысын бағалай білуі.


Ата-ана үшін:

- Баланың білім алуындағы өсу деңгейін қадағалауы.

Критериалды бағалаудың пайдасы



Критериалды бағалаудың функциялары:



Критериалдық бағалау жүйесі арқылы:



Критериалды бағалау

Қалыптастырушы бағалау

Жиынтық бағалау

Құралдары

Критерий

Дискриптор

Рубрикатор

Оқытудың міндеттерін жүзеге асыратын өлшемдер, оқушылар жұмыс барысында орындайтын іс-әрекеттер тізбесі

Оқушының критерийлер бойынша ең жоғары жетістіктерге жету қадамдарын көрсетеді

Оқушының білімін бағалауға арналған критерийлер жиынтығы

Сұрақтар арқылы түсіну барысын анықтау

1. Критериалды бағалаудағы **Рубрика** деген не? Ол нені көрсетеді?
2. Критерий деген не, ол немен анықталады, нелерді құрайды?
3. Дескрипторлар деген не, нені сипаттайды, қалай белгіленеді?

Рубрика

Рубрика – өтілген тақырып бойынша оқушылар білімін бағалау критерийлері **ЖИЫНТЫҒЫ**. Ол қандай да бір тақырыпты зерттеу **мақсаттарымен** анықталады және мазмұндық жағынан сол рубриканы ашатын критерийлермен толықтырылады.

Критерий

Критерий оқыту міндеттерімен анықталады және **сыныптағы** оқушылардың жұмыс барысында жасайтын, соның нәтижесінде жақсы меңгеруге тиіс әр түрлі іс-әрекеттерінің **тізімін** құрайды.

Дескриптор

Дескрипторлар оқушының әр критерий бойынша (сатылы түрде) нәтижеге жету **деңгейін** сипаттайды және оны белгілі бір **ұпайлармен бағалайды**: жетістік жоғары болған сайын сол критерий бойынша ұпай да жоғары болады.

Рубрика – Критерий - Дескриптор

Рубрикалар оқушылар *не үшін* оқитынын көрсетеді.

Критерийлер оқушы *нені* үйрену керектігін байқатады.

Дескрипторлар оқушы *қалай* жоғары нәтижеге жете алатындығын көрсетеді.

Бағалау

**Оқудағы жетістікті бағалу үшін (А – D)
критерийлер қолданылады.**

A Білу және түсіну

B Қолдану

C Анализ және синтез

D Деректерді өңдеу, коммуникациялау



Баланы дамыта отырып оқыту – басты мақсат

1. Балаларды және өз пәнімізді жақсы көру.;
2. Педагогикалық іс-әрекеттегі үйлесімділікке жету;
3. Баламен ынтымақтастықта, шығармашылық ізденісте бірге болу.

Егер мен оқушылардың менің пәнімді жақсы көргенін қаласам, өзім оқытатын пәнімді, оқушыларымды жақсы көруім керек. Егер мен оқушының менің сабағымда ерекше ықыласпен жұмыс істегенін қаласам, онымен ынтымақтастықта бірлесе жұмыс істеуім керек. Егер мен оқушы сабақта өзіндік бастама көтеріп, белсенділік танытсын десем, өзім оған қозғаушы күш болып, өзім ой салуым керек.

1

Әрбір оқушының қызығушылығы мен қабілетін ескеру

2

оқу мазмұнын оқушының өмір тәжірибесіне жақындату

3

оқушының өз бетінше оқу және ізденушілік қызметін кеңейту

4

шығармашылық жұмыстармен айналасуына жол ашу

Формативті бағалау оқушыларға қорытынды жиынтық бағалауға дайын болуына зор ықпалын тигізеді. Себебі күнделікті кері байланыс орнату арқылы оқушыларға өз оқуы туралы рефлексия жасауға және нәтижені табысты ету үшін шешім қабылдауға мүмкіндік береді.

ФБ оқушыларға оқу үдерісіндегі өз оқу жетістіктеріне рефлексия жасау арқылы оқу тақырыптарын біліп, қаншалықты түсінгендерін және өз пәні бойынша қолданып, оған талдау мен жинақтау жүргізіп, өз-өзіне баға беруді үйретеді. ФБ тәсілдері: мақсат қою, критерий белгілеу, шолу жасау, міндеттер мен сұрақтар стратегиясын айқындау, өзін-өзі бағалау және өзгені бағалау т.б.



5 топтағы бес түрлі оқушыларды
бағалаудың критерий, рубрика,
дискрепторын жасап келу!